ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 17 қантарда іс №1912-24-00-2/3329 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е.Д.Байбутаев
сот отырысының хатшысы Д.Туткабек отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Алматы облысының прокуратурасы» мемлекеттік мекемесі, БИН 970740001291

ЖАУАПКЕР:
«Сункар» жеке кәсіпкер атынан Ошакбаев Сункар Сенбекович, ИИН 851215301760

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі М.Оқанов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Алматы облысының прокуратурасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Талапкер) және «ЖК Сункар» (бұдан әрі – Жауапкер) арасында мемлекеттік сатып алу туралы Шарт (бұдан әрі-Шарт) 22 қазан 2024 жылы №132 жасалды.

Шарттың талаптарына сәйкес Жауапкер есік блогын (бұдан әрі – тауар) жеткізу бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдады. Шарт сомасы 782155 (жеті жүз сексен екі мың жүз елу бес) теңгені құрады.

Шарттың 1-қосымшасына сәйкес Жауапкер шартқа қол қойған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде тауарды жеткізуге міндеттенді, Шартқа қол қойылған күн 22 қазан 2024 жыл.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 277-бабының 1-тармағымен міндеттемені орындау мерзімі белгіленді. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Жауапкер Шартта көрсетілген 11 қараша 2024 жылға дейін тауарларды жеткізуді жүзеге асыруға міндетті болған, алайда міндеттемесін орындамады.

Талапкермен Жауапкердің атына Шарттың талабына сәйкес тауарларды жеткізу міндеттемелерін орындамауға байланысты шартты бұзу туралы хабарлама 13 қараша 2024 жылы мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы жолданды.

Кодекстің 272-бабының талаптары бойынша міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс. Бұл ретте тұрақсыздық айыбы 782155*0,1%=782,16*21 күн= 16425,36 теңге.

Осыған орай, 2024 жылғы 2 желтоқсанда талап қоюшы тарапынан осы талап қою сотқа тапсырылды.

Жауапкердің тарапынан қарсы пікір жазбасша түрде тапсырылмаған.

Талап қоюшының өкілі сотта шартта көрсетілген қызметтерің жауапкер орындамағаның, осыған байланысты шарт бұзылды. Осыған байланысты заңға сәйкес шешім қабылдауға соттан сұрады, яғни жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыз айыбын өндіру.

Жауапкер сотқа қатыспады бірнеше рет хабарласқанына қарамастам, осыған байланысты оның сотқа қатыспағаны себепсіз деп табылып, оның қатысыуз сот іс қаралды.

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 17.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.02.2025, судья Байбутаев Е. Д., 26.02.2025

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің /АПК/ 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне алған міндеттерың толығымен орындаған жоқ. Осы себебте екі тараптардың арасында жасалған шарт талап қоюшынын тарапынан бір жақты бұзылды.

Шант бойынша ұақытылы міндеттерің тараптар орындалмаса тұрақсыздық айып төлеу міндет болатын.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындау кәжет болғанына байланысты, тауарды жеткізмегенің ескеріп, шарта тұрақсыздық айыппұл туралы көрсеткенің, талап қою қанағаттандыруға жататын деп санайды.

АПК-нің 117 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіруге жатады, себебі талап қою қаңағаттандырылды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Алматы облысының прокуратурасы» мемлекеттік мекемесі жауапкер «Сункар» жеке кәсіпкер атынан Ошакбаев Сункар Сенбекович - мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және мемлекеттік пайдасына 16 425 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды туралы талап қою қаңағаттандыруға.

«Сункар» жеке кәсіпкер атынан Ошакбаев Сункар Сенбекович - мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды.

«Сункар» жеке кәсіпкер Ошакбаев Сункар Сенбековичтің атынан мемлекеттік пайдасына 116 425 /оң алты мың төрт жүз жиырма бес/ теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын және сот шығындар яғни мемлекеттік баж 2 339 /екі мың үш жүз отыз тоғыз/ теңге мөлшерінде өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 17.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.02.2025, судья Байбутаев Е. Д., 26.02.2025

сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Е.Д.Байбутаев**

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 17.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.02.2025, судья Байбутаев Е. Д., 26.02.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»